

«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2011 жылғы «11» қазандағы
№ 51 хаттама

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ОМБУДСМЕНІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана 2011 жыл

1. Ұғымдар мен анықтамалар

- 1) **Қоғам** - «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы;
- 2) **Іскерлік этика**–Қоғамның, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өз қызметтерінде басшылыққа алатын этикалық ұстанымдарының жиынтығы;
- 3) **Лауазымды тұлға**–Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының мүшесі;
- 4) **Қызметкер**–Қоғаммен еңбек қатынасында болатын және еңбек шарты бойынша өз бетімен жұмыс атқаратын жеке тұлға;
- 5) **Мүдделі тұлға**–Қоғаммен құқықтық қатынаста болатын жеке және заңды тұлға;
- 6) **Кодекс** - «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- 7) **Мүдделер қақтығысы**–Қоғамның лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің жеке мүддесіне әсер ететін не лауазымды міндеттемелерді риясыз орындауға әсер етуі мүмкін жағдаят;
- 8) **Омбудсмен** - «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этикасын орнықтырып, сақтайтын және түсіндіретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама нормалары мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының бұзылуын анықтайтын тұлға.

2. Жалпы ережелер

1. Омбудсмен өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Ережеге сәйкес жүргізеді.
2. Омбудсменнің қызметіне араласуға жол берілмейді. Омбудсмен Кодекс ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын бұзушылар жағынан болатын (Омбудсменнің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, қаржылық және өзге де ресурстарды қысқарту секілді) кез келген іс-әрекеттен сақтандырылуы тиіс.
3. Омбудсмен Директорлар кеңесіне тікелей есеп береді және ол өз жұмысын Қоғамның ішкі құрылымдарынан тәуелсіз түрде жүзеге асырады.
4. Омбудсмен жұмысы мына ұстанымдарға негізделеді:
 - тәуелсіздік;
 - әділдік;
 - жариялылық;
 - бейресмилік.

3. Омбудсменді тағайындау

5. Омбудсмен Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады.
6. Омбудсмен болып мынадай талаптарға жауап беретін тұлға

тағайындалады:

- Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
 - заң немесе басқа да гуманитарлық жоғары білімі болуы тиіс;
 - жұмыс өтілі 5 (бес) жылдан кем болмауы тиіс.
7. Омбудсмен өкілеттігінің мерзімі—тағайындалған күнінен бастап 1 (бір) жыл.
8. Бір тұлға қатарынан үш реттен артық Омбудсмен бола алмайды.
9. Қоғамның ішкі құрылымдарына толық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Омбудсмен Қоғамда, негізгі қызметін қоспағанда, басқа қызмет атқара алмайды. Дегенмен, егер Омбудсмен қоғамда басқа да қызмет атқарса, екі жақты лауазымдық міндеттері дербес және мүдделер қақтығысын болдырмау үшін тәуелсіз болуы тиіс.
10. Омбудсменнің өкілеттік мерзімі аяқталған күні немесе Директорлар кеңесінің шешімімен мерзімінен бұрын босатылған жағдайда тоқтатылады.

4. Омбудсменнің функциялары

11. Омбудсменнің басты қызметіне Кодекс ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау және/немесе бұзу туралы мәліметтерді жинау, Кодекс ережесі бойынша Қоғамның қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына кеңес беру, Кодекс ережесінің бұзылғандығы жөніндегі дауларды қарауды бастау және оған қатысу жатады.

5. Омбудсменнің құқықтары мен міндеттері

12. Омбудсмен:

- Келіп түскен хаттардың негізінде және өзінің жеке бастамасымен Іскерлік этика нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамаларын және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын бұзушылықты анықтауда Қоғам аясында іс жүргізуге бастама жасауға;
- Омбудсменнің тікелей бақылауы кезінде заң бұзушылық деректері анықталған жағдайда тиісті шара қолдануға;
- Кодексті, Қазақстан Республикасы заңнамаларын және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлермен, лауазымды тұлғалармен жеке сөйлесуге;

- Кодекс ережелерін қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларға түсіндіруге;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімін алған жағдайда өз қарауы бойынша сырттан заң кеңесшілерін тартуға құқылы. Бұндай кеңес беруге шыққан шығындардың орнын Қоғам жабады;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ақпараттардың барлығын бірдей Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының барлығына бірдей қолжетімді етуге;
- мәліметтерді жасыру қатаң ескерту жасауға алып келетін жағдайларды және Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда ешқандай түсінік бермеуге және мәліметтердің құпиялылығын ашпауға құқылы.

13. Омбудсмен:

- Кодексті, Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бұзу мәселелері бойынша дауларды қарауда, бұндай істерді қарау кезінде оларды ықтиярсыз жұмыстан босату туындаған кезде Қоғамның қызметкерлерін қорғауды (белгіленген еңбек заңнамасы тәртібі аясында) қамтамасыз етуге;
- Кодексті, Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауға қатысты тексеру мәселелеріне қатысуға;
- Қоғам қызметкерлерінің құқығына, денсаулығына және қауіпсіздігіне кері әсер ететін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары жөнінде Қоғамның тиісті құрылымдарына ескертуге;
- Кодекс ережесінің, Қазақстан Республикасы заңнама нормаларының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының сақталмауы немесе бұзылуы мәселелерінде Қоғам қызметкерлерінің, Қоғамның лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың өтініштеріне есеп жүргізу;
- Қоғам қызметкерлері хабарлама түсірген жағдайда оларға 5(бес) күн ішінде Кодекс ережелерін түсіндіруге;
 - Кодекс ережелерінің, Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының сақталмауы немесе бұзылу мәселелері бойынша қаралатын дауларға қатысу кезінде тәуелсіздігін сақтауға және оның қасақана істелмегендігін жеткізуге;
 - Кодекс ережелерінің, Қазақстан Республикасы заңнама нормаларының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының бұзылу деректері бойынша жүгінген Қоғам қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының аты-жөнін көрсетпеуді қамтамасыз етуге міндетті. Омбудсменнің жұмыс бөлмесі оған келіп-кетушілердің құпиялылығын қамтамасыз ететіндей орналасуы тиіс;
 - әлеуетті бұзушылықты құпиялылықты бұзбай анықтауға және олар

бойынша шешімдері бойынша жауапкершілікпен ұсыным беруге;

- мәліметтерді (мысалы, жазбалар, телефон хабарламасы, кездесу жөніндегі келісілген күні белгіленген күнтізбелер) қауіпсіз, ешкім алмайтын жерде сақтап, олардың жоғалып кетпеуін қамтамасыз етуге міндетті. Есеп жүйесі және/немесе деректер базасы оған Омбудсменнің рұқсаты бар Қоғамның ақпараттық-технологиялық жүйесінен тәуелсіз болуы қажет.

6. Іскерлік этика Кодексі ережелерінің және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының бұзылғандығы туралы мәліметтерді жинау және қарау тәртібі

14. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ мүдделі тұлғалар Кодекс ережелеріне және/немесе этикалық мәселелер ісі барысындатуындаған сұрақтар бойынша, сонымен қатар Кодекс ережелерінің, Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының бұзылғаны туралы деректер бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлық пен өзге де заңға қарсы әрекеттердің орын алғандығы туралы деректер бойынша тиісті шаралар қолдану үшін өзін таныстыра отырып немесе аты-жөнін көрсетпей-ақ:

- тікелей Омбудсменге;
- +7 (7172) 55 30 95 сенім телефонына;
- Қоғамның trust@samruk-energy.kz электрондық ақпараттық сенім жүйесіне хабарлауға құқылы.

15. Бекітілген Іскерлік этика нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларын және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің бұзғаны анықталған жағдайда Омбудсмен оның Директорлар кеңесінде және/немесе Қоғам Басқармасында әрі қарай қаралып, шешім қабылдануы үшін материал әзірлейді.

16. Қаралған мәселелердің нәтижелері мен шығарылған шешімдерді Омбудсмен жүгінген (хабарлама жасаған) тұлғаға (хабарламада аты-жөні көрсетілмеген жағдайда) Директорлар кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының тиісті шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

17. Кодекс ережелерінің, Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының бұзылғаны туралы мәліметтерді қарауда Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Басқармасы және Омбудсмен құпиялылықты сақтауға кепілдік береді.

18. Хабарлама жасаған тұлғаның құқығына қысым жасалмауы тиіс.

Келіп түскен хабарламаларды қарауды қабылдай отырып, Омбудсмен:

- өтініш берушінің өз құқығын қорғауында және/немесе іскерлік этика нормаларының бұзылуын жоюда және іскерлік этика нормаларын бұзуда қабылданған шешім немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктер)

пайдаланудың жолдары мен амалдарын түсіндіруге;

- келіп түскен хабарламаларды құзыретінде бұндай істер бұрыннан бар органдарға тапсыруға міндетті.

19. Омбудсмен өкілеттігіне қызметтік тергеу жүргізу кірмейді. Қызметтік тергеуді тиісті орындардың жүргізуі тиіс.

20. Омбудсменнің мәлімдемесі кепілдемелік сипатта болады.